

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2016 жылғы « 14 » сәуірдегі  
№ 210 қаулысына  
қосымша

**Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтерін  
инвестициялау үшін қаржылық құралдардың тізбесі**

Р/с №	Қаржылық құралдың түрі
1	2
1.	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған бағалы қағаздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айналысқа шығарылғандарды қоса алғанда), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шоттардағы ақша
2.	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі депозиттер
3.	Қаржылық құралдың немесе эмитенттің кредиттік рейтингі Standard & Poor's бойынша «А-»-дан төмен емес немесе Fitch, Moody's Investors Service рейтингіне тең халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары
4.	Агенттік облигациялар, оның ішінде ұлттық басқарушы холдингтер шығарған, қаржылық құралдың немесе эмитенттің кредиттік рейтингі Standard & Poor's бойынша Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінен төмен емес немесе Fitch, Moody's Investors Service рейтингіне тең
5.	Қаржылық құралдың немесе эмитенттің рейтингі Standard & Poor's бойынша «BB-»-дан төмен емес немесе Fitch, Moody's Investors Service рейтингіне тең агенттік облигациялар, корпоративтік облигациялар
6.	Кері РЕПО мәмілелері